

ҚДН – ОА ЖБ – «Арнур Кредит» МҚҰ-на II несие

Жоба нөмірі: 56221

Орналасқан жері: Қазақстан

Коммерциялық сектор: Қаржы ұйымдары

Хабарландыру түрі: Жеке

Экологиялық санат: ҚҰ

Бекітілген күні: 2025 жылдың 29 шілдесі

Мәртебесі: Қаражат бөлінуде

Жоба түйіндемесінің ағылшын

тілінде жарияланған күні: 2025 жылдың 05 тамызы

«Ақпаратқа қолжетімділік туралы» директиваның 1.4.2 (iii) тарауына сәйкес: «Банктің оперативтік басшылығы оған Директорлар кеңесі бекітуге өкілеттік берген жағдайларда бекітетін жобалар үшін, жоба түйіндемесінің мазмұны ЕҚДБ құру туралы келісімнің 13 (iii) бабына сәйкес қарсылықтардың жоқтығы туралы хабарлама берілетін тиісті кезеңнің басында Банктің мүшесі – мемлекетке хабарланады»

Жоба сипаттамасы

Қазақстанда орналасқан Арнур Кредит жеке микроқаржы ұйымына («АК МҚҰ») 7,0 млн АҚШ долларына дейінгі (6,1 млн еуро) көлемінде, теңгедегі баламасы (төлем кезінде анықталады) бойынша қамтамасыз етілмеген аға несие беру көзделіп отыр. Несие Орталық Азиядағы «Жастар бизнесі» бағдарламасы («ОА ЖБ» немесе «Бағдарлама») аясында бір траншпен беріледі. Бұл бағдарлама Қаржылық делдалдарын несиелеу бағдарламасы аясында («ҚДН») аралас қаржыландыру бағдарламасына біріктірілген.

Жоба мақсаттары

Несие берудің мақсаты: (i) Қазақстандағы жастарға арналған шағын, орта және микро кәсіпорындарды (ШОМК) қолдауды жалғастыру, олардың күрделі нарықтық жағдайдың салдарын еңсеруіне және төзімділігі мен бейімділігін арттыруына көмектесу; (ii) АК МҚҰ-ның қаржыландыру көздерін әртараптандыру; және (iii) АК МҚҰ -ның цифрлық сату арналарының әлеуетін күшейту. Сонымен қатар, АК МҚҰ климаттың өзгеруін бәсеңдету және бейімделу технологиялары мен қызметтеріне инвестициялауға бағытталған, Жасыл экономикаға көшуге қолдау көрсететін несиелерді ұсынуды жалғастырады.

Өтпелі процеске әсері

ETI (Күтілетін Өтпелі процеске әсері балы): 71 (негіздемелік механизмнің бөлігі ретінде)

Бұл мәміле ОА ЖБ бағдарламасы аясында АК МҚҰ-на берілетін екінші несие болады. Жоба Бағдарламаның мақсаттарына үлес қосып, оның Инклюзивті (негізгі) және Бәсекеге қабілетті (қосымша) сипаттарын қолдайды. Жоба жас кәсіпкерлерге берілетін несиелер көлемін арттыруға, АС-тың институционалдық әлеуетін дамытуға және жас бизнес иелері мен менеджерлеріне дағдыларды беруді ынталандыруға бағытталған деп күтілуде.

Клиент туралы ақпарат

АРНУР КРЕДИТ МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ ЖШС

«Арнур Кредит» МҚҰ – Қазақстандағы жеке микроқаржы ұйымы. 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша АК МҚҰ-ның жалпы активтері 102 млн. АҚШ долларын, меншікті капиталы 25 млн. АҚШ долларын құрайды, 20 000-нан астам белсенді клиенті және 46 кеңсесі бар. Компанияның бас кеңсесі Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі қала – Шымкентте орналасқан.

ЕҚДБ қаржыландыруы туралы ақпарат

7 000 000,00 АҚШ доллары

Жобаның жалпы құны

7 000 000,00 АҚШ доллары

Толықтауыш әсері

Қаржыландыру құрылымы: Несие қосымша құндылықты АК МҚҰ-на жергілікті валютада орта мерзімді қаржыландыруды ұсыну арқылы береді, ол өз кезегінде қолайлы ШОМК мен жеке тұлғаларға қайта несие береді. Мұндай қаржыландыру жергілікті нарықта шектеулі, әсіресе АК МҚҰ сияқты депозит қабылдамайтын ұйымдар үшін,.

Инновациялық қаржыландыру құрылымдары және/немесе құралдары: Жоба Нәтижеге негізделген өтемақы (Results-based Compensation, RBC) механизмінен пайда көреді, бұл Орталық Азия нарығында арнайы әзірленген инновациялық құрал болып табылады. RBC АК МҚҰ компаниясына төмен немесе икемді кепіл талаптарын ұсынуға қолдау көрсетуге бағытталған.

Стандарттарды орнату: Бағдарлама қаржыландыру, RBC және техникалық көмек (ТС) элементтерінің үйлесімі арқылы клиентке инклюзивті қаржыландыру стандарттарын көтеруге көмектеседі, қызмет көрсетілмеген жас кәсіпкерлер сегментінің қажеттіліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Кешенді ТС пакеті клиенттерге өнімдері мен жеткізу механизмдерін жас кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне бейімдеуге қолдау көрсетеді, бұл АК МҚҰ -на сегменттің әлеуетін пайдалануға және қаржылық инклюзияны жеделдетуге мүмкіндік береді.

Білім, инновация және әлеуетті арттыру: АК МҚҰ ASB аясындағы іс-шаралар арқылы Бағдарламаның кең көлемді әлеуетті арттыру шараларынан пайда көреді, оған оқыту, қаржы делдалдарына (PFIs) және жастардың ШОМК-на арналған кеңес беру қолдауы. Бұл барлық тараптарға жергілікті нарықта жоқ болуы мүмкін білім мен тәжірибеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Негізгі назар цифрлық жеткізуге аударылады, бұл ауқымды қамтуды қамтамасыз етеді және астанадан тыс аймақтарда қызметтердің қолжетімділігін арттырады, өнімдерді жас кәсіпкерлер мен микро-компаниялар үшін тартымды етеді.

Стандарттарды орнату: Бағдарлама қаржыландыру, RBC және техникалық көмек (ТС) элементтерінің үйлесімі арқылы клиентке инклюзивті қаржыландыру стандарттарын көтеруге көмектеседі, қызмет көрсетілмеген жас кәсіпкерлер сегментінің қажеттіліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Кешенді ТС пакеті клиентке өнімдері мен жеткізу механизмдерін жас кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне бейімдеуге қолдау көрсетеді, бұл АК МҚҰ-на сегменттің әлеуетін пайдалануға және қаржылық инклюзияны жеделдетуге мүмкіндік береді.

Қоршаған орта және әлеуметтік сала мәселелері бойынша түйіндеме

ҚҰ санатына жатқызылған (ESP 2024). АК МҚҰ – ЕҚДБ-ның қазіргі клиенті болып табылады, қазіргі экспозициясы бойынша қанағаттанарлық экологиялық және әлеуметтік (E&S) көрсеткіштерді көрсетті. Ұсынылған несиенің қаражаты ҚДН ОА ЖБ аясында жастарға арналған қолайлы ШОМК-тарға қайта несие беру үшін пайдаланылады. Бұл мәміле экологиялық және әлеуметтік тұрғыдан төмен тәуекелді деп есептеледі.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

1) ОА ЖБ бағдарламасы үшін техникалық көмек (ТС) екі байланысты компоненттен тұрады:

(i) Қатысушы қаржы институттарына арналған арнайы әлеуетті арттыру:

Қаржыландыру көзі: Акционерлердің арнайы қоры (SSF)

Сома/валюта: Бағдарлама деңгейінде 4 млн. АҚШ доллары

(ii) Жастардың ШОМК-лары үшін ASB арқылы әлеуетті арттыру:

Қаржыландыру көзі: SSF, басқа донорлар

Сома/валюта: Бағдарлама деңгейінде 6 млн. АҚШ доллары

АК МҚҰ семинарларға, іс-шараларға, маркетингтік қызметтер мен материалдарға параллель үлес қосады, олар ЖБ-не қатысты өнімдерді оқыту және ілгерілету үшін пайдаланылуы мүмкін.

2) Бірлескен инвестициялық гранттар / жеңілдетілген қаржыландыру («ТС емес»):

Жоба ЖБ несиесінің 3%-ына дейінгі (210 000 АҚШ долларына дейін) Нәтижеге негізделген өтемақыны (RBC) қамтиды. RBC АК МҚҰ-ны тұрақты ЖБ несиелеуді кеңейту үшін қажетті инфрақұрылымды құруға байланысты бастапқы инвестицияларды ынталандыру және ішінара өтеу мақсатында көзделген.

Қаржыландыру көзі: SSF

Сума/валюта: Жалпы 210 000 АҚШ доллары (несие сомасының 3%-ы).

Компанияның байланыс ақпараты

Raushan Kurbanaliyeva

raushan-k@arnurcredit.kz

+7 701 781 81 45

arnurcredit.kz

10/2, Baitursynov str., Shymkent, Kazakhstan

Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні

2025 жылдың 05 тамызы

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: projectenquiries@ebrd.com; procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)

ЭЭС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭЭС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық

және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді⁷

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭЭС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КЭББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КЭББ шешуші рөл атқарады.

КЭББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КЭББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты

хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа қолжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.